

Бекітетін
Әріскер Сағи
03.09.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қыркүйек айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Топ-топ, балақан» әні		
Күні: 03.09.2024ж	1 сағат		
ТОП:	Ортаңғы топ		
Міндеттері	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, барлығы бір қарқында әнді таза айтуға үйрету.		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады.		(көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер
II. Ұйымдастыру	Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз! Ойын-күлкі ордасы Біздің балабақшамыз! – Балалар, өлеңде не туралы жазылған? Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау.		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев) – Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады. Ән айту. «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Достастық» беларус халық әуені. Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Жетекшінің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету. Муз-дидактикалық ойын: «Үш күн» Шарты: Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдірітен үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.		
IV. Рефлексия	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.		

Бекітетін
Әрісхан Сағи
10.09.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қыркүйек айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Менің добым» әні	
Күні: 10.09.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыканың сипатын түсінуге, әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету.Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Балаларды көңілді қарсы алады. Шеңбер бойымен музыкаға ілесіп жеңіл жүгіруді ұсынады. «Жүгіреміз» музыкасы.	Доптар,3 түсті шарлар
II. Ұйымдастыру	«Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Шіркіннің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап бұл не балалар? (Доп)	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай) Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту. Ән айту: «Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек). Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Доптармен жаттығулар» (Г. Фрид) (жетекшінің көрсетуімен). Ырғақты сезіне, допты қолдана көрсетілген би қимылдарын қайталау. «Өз түсінді тап» ойыны. Шарты: 3 топқа бөлініп, 3 түрлі шарлар ұстайды. Ортаға шарлардың түстеріне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңіл жүгіреді, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстеріне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.	
IV. Рефлексия	Балаларды мадақтайды. Қандай ойын сендерге ұнады? Алдағы уақытта қандай музыкалық көңілді ойындар ойнағыларың келеді? (бала үні)	

Бекітетін
Здіккер Сіз
17.09.2024 ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қыркүйек айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Көңілді аңдар» биі		
Күні: 17.09.2024	1 сағат		
ТОП:	Ортаңғы топ		
Міндеттері	Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді.т.б.		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Жұмбақ шешу: Балаларды жұмбақты шешіп, жануардың суретін табуды (немесе ойыншықты) табуды ұсынады.		Аңдардың суреті,қоянның бетперделері.Сәбіз
II. Ұйымдастыру			
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ойын: «Олар қалай жүреді?» Шарты:Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады.Балалар түлкі жылмаңдап болып жүреді, қоян болып секіреді, аюдың қорбандаған жүрісін салады. «Аңдар» биі. Bilimland Kids Жетекшінің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады. «Аңшы мен қояндар» ойыны Шарты:Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатып немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. «Пух! Пух!» - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би билейді.		
IV. Рефлексия	Бағалау «Бас бармақ» әдісі		

Жетімшігі
Әзізкер Сағ
24.09.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қыркүйек айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Күз келді» әні	
Күні: 24.09.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Ре (ми) – ля (си) диапазонында ән айту дағдыларын дамыту.Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.	Жапырақтар, жемістер мен көкөністердің бетпердесі.
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Күз – жомарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы) Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау. Ән айту: «Күз келді» (А. Досмағамбетова) әнін педагог орындап, әннің мазмұны, сипаты туралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ре (ми)- ля (си)» буынымен қосуды және ересектермен бірге айтуды ұсынады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский) Балаларға түрлі түсті жапырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады. «Жапырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны Шарты: (сары, қызыл, жасыл, қызғылт сары). Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жапырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шапшаңдықпен жинау. Әуенді музыка жетекшісінің таңдауымен.	
IV. Рефлексия	Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі	

Бекітілген
Әділетер Саір
01.10.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	Қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптары	
Күні: 01.10.2024ж	1 сағат	
ТОП	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу «Көңілді сылдырмақтар» Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр-сылдыр етеді.	Қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптары
II. Ұйымдастыру	Аяғымыз топылдап, Өзі билеп кетеді.	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату. Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату; Музыкалық – дидактикалық ойын: «Сылдырмақ, қоңырау және маракас» Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Қоңырау дауысы естілгенде қол шапалақтайды. Маракас үнін естігенде аяқпен топылдатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады. Әп айту: «Сылдырмақ» (А. Токсанбаев, И. Сапарбай) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.	
IV. Рефлексия	Бағалау: смайликтер арқылы	

Бекітетін
Әдісгер Сағ
08.10.2024 ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Пойыз» әні	
Күні: 08.10.2024	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыканың сипатын түсінуге, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл –күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау. Ғажайып сәт: «Ұнтаспадан пойыз дауысы естіледі» Музыка жетекшісі паровозды бейнелеп, өзі балалар қатарының алдына келіп тұрады.	ҰІӨ-ке қажетті әуендер жиыны.
II. Ұйымдастыру	-Біздің пойызымыз қандай ұзын!пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Қане,пойыздың дөңгелектері қалай айналады, көрсетіндерші.Балалар қолдарын бүгіп, алға-артқа қозғалтып «Гу-гу-гу» деп дыбыс шығарады. Музыкалық қимылды ойын: «Остановками чух,чух-таки, таки»	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Пойыз» Ж.Смаков. Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату. Музыкалық қимылды ойын: «Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш, төрт)	
IV. Рефлексия	Бағалау: «Үш шапалақ» әлісі	

Бейтешіні
 әдісін тап
 15.10.2024 ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Торғай» әні		
Күні: 15.10.2024 ж	1 сағат		
ТОП:	Ортаңғы топ		
Міндеттері	Музыкалық жанр марш әуеніне сай қымылдар жасату.Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып бірге ән айту.		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады. Нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш! (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).		ҮІӨ-ке қажетті әуендер жиыны. Ойыншық мысық.
II. Ұйымдастыру			
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Құстар әні » (Н. Тілендиев). Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Өнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) Әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.		
IV. Рефлексия	Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұя жасап берейік. Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.		

Бекітілген
Әріпкер Сай
22.10.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	Қазан айы. Сыбызғы, металлофон, барабан аспаптары		
Күні: 22.10.2024ж	1 сағат		
ТОП	Ортаңғы топ		
Міндеттері	- Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету;		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау. «Көңілді музыканттар» ойыны Шарты: Аспаптардың үнін әндете отырып, ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.		Сыбызғы, металлофон, барбанаспаптары
II. Ұйымдастыру	1.Сыбызғыны үрлейміз, Металлофонда ойнаймыз, Жалқаулықты білмейміз. Балғаларын аламыз Ду-ду-ду. Бір,екі,үш қағамыз. 2.Трам-та соқса барабан, Қызыға жұрт қараған. Трам-та-та.		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Баларап TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату. Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату. Музыка тыңдау: «Көңілді оркестр» (Муқанова Сайра Жундибайқызы) Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:«Қар астындағы қызықтар» Шарты:Музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.		
IV. Рефлексия	Бағалау: смайликтер арқылы		

Бекітетін
Әдіскер Аяғ
29.10.2024 ж.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка

Қазан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	Аспаптар (Сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас, барабан)		
Күні: 29.10.2024ж.	1 сағат		
ТОП:	Ортаңғы топ		
Міндеттері	- Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу; - Өн айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру;		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Музыка жетекшісі қолына сылдырмақ алып балалармен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды. «Музыкалық аспаптар» дүкеніне баратындығы туралы айтады. Балалар қуанады.		Алдын-ала дайындалған «Музыкалық аспаптар» дүкені
II. Ұйымдастыру			
III. Тақырып бойынша жұмыс	«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату. Balaram TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату. Ән айту: «Көңілді оркестр» Муқанова Сайра Жундибайқызы. Аспаптардың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру. Музыкалық – ырғақтық қимылды ойын: «Сикырлы текше» Шарты: Көңілді әуен ойналады. Жетекші және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне беріп, таппақ айтады. Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Жетекші текшеде қандай аспап екенін балалардан сұрайды. Егер текшеде барабан аспабының суреті болса, ол бала барабан аспабына қалай ойнау керектігін көрсетуі тиіс.		
IV. Рефлексия	– Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың әрекеттері туралы айтып, мадақтау.		

Жемітесіні
Әзіреткер Сағ
05.11.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қараша айы.

Қараша аны.		
Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Атамның киіз үйі»	
Күні: 05.11.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. «Сәлемдесу» (музыкалық шаттық шеңберімен сәлемдесу). Әуен тындау арқылы тақырыпты ашу.	Жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы
II. Ұйымдастыру	Музыка тындау: «Жайлау таңы» (Л.Хамиди) - балалар, әннің ырғағы қандай? -жарайсындар, көңілді,көңілсізді ажырата білдіңдер	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Құлыншак» Е.Тәшенов, Ә.Тәжібаев Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Ойын: «Киіз үй» Балалар шеңбер бойымен тұрып, ойынға көңілдене қатысады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» Дауыс жаттығуын бірге жасап, бірге аяқтауға үйренеді.	
IV. Рефлексия	Қорытындылау, балаларды марапаттау. Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.	

Белгімен
Әріптер белгі
12.11.2024 ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қараша айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Біздің Алматы»	
Күні: 12.11.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. «Сәлемдесу» (музыкалық шаттық шеңберімен сәлемдесу). Әуен тыңдау арқылы тақырыпты ашу.	Алматы қаласының суреттері
II. Ұйымдастыру	Музыка тыңдау: «Алматы» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) - балалар, әннің ырғағы қандай? -жарайсындар, көңілді,көңілсізді ажырата білдіңдер	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Біз өмірдің гүліміз» Б.Ғизатов, Ә.Дүйсенбиев Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Ойын: «Жұбыңды тап!» Шарты: Ойынды 6, 8 жұпқа бөлініп ойнайды. Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді, әуеннің басталуы мен аяқталуына сай бірге қимылдауларына мән беріп, қадағалайды. Дауыс жаттығуы: «Жоғары-төмен» Дауыс жаттығуын бірге жасап, бірге аяқтауға үйренеді.	
IV. Рефлексия	Қорытындылау, балаларды марапаттау. Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.	

Жеңілген
 Әріктер с.з.
 19.11.2024 ж.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қараша айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Менің Отаным»	
Күні: 19.11.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. «Сәлемдесу» (музыкалық шаттық шеңберімен сәлемдесу). Әуен тыңдау арқылы тақырыпты ашу.	Еліміздің сұлу табиғатының көрінісі бейнеленген суреттері
II. Ұйымдастыру	Музыка тыңдау: «Отан – ортақ үйіміз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы) - балалар, әннің ырғағы қандай? -жарайсындар, көңілді,көңілсізді ажырата білдіңдер	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Менің Отаным» Ө.Байділдаев, Б.Ысқақов. Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Ойын: «Тақия тастамақ» Тез жүгіріп, ойында жеңімпаз атануға талпынады. Дауыс жаттығуы: «Алтын күн» Дауыс жаттығуын бірге жасап, бірге аяқтауға үйренеді.	
IV. Рефлексия	Қорытындылау, балаларды марапаттау. Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.	

Баспасы

Әдіс-сәт Саф

26.11.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
Қараша айы.

Қараша аны.		
Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Қыс өрнегі»	
Күні: 26.11.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастаужәне аяқтау дағдысын дамыту.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. «Сәлемдесу» (музыкалық шаттық шеңберімен сәлемдесу). Әуен тыңдау арқылы тақырыпты ашу.	Қысқы ойындар суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары.
II. Ұйымдастыру	Музыка тыңдау: «Біз шадыман баламыз» (Ә.Бейсеуов, С.Қалиев) - балалар, әннің ырғағы қандай? -жарайсыңдар, көңілді,көңілісізді ажырата білдіңдер	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Ән айту: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Ойын: «Қай аспапта ойнаймын?» Шарты: бубен, маракас, қоңырау, барабан аспаптарында ойнауды ұйымдастырады. Ойналған аспаптың дауысын ажыратып, атын атауды, аспапта ойнап көрсетуді сұрайды. Дауыс жаттығуы: «Қыс» Дауыс жаттығуын бірге жасап, бірге аяқтауға үйренеді.	
IV. Рефлексия	Қорытындылау, балаларды марапаттау. Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.	

Бекітілген
Әдісхана
03.12.2024 ж.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Желтоқсан айы.

Желтоқсан		
Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Шырша» биі	
Күні: 03.12.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық шығарманың көңіл – күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Ұнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орында тұрып, қол шапалақтайды. 2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету.	ҰІӨ-ке қажетті әуендер жиыны
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Жасыл шырша жанында» (Д.Байтлеуов,Ә.Асылбеков) Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Шырша» биі (Бақыт Қасымбекова) Балалар шырша болып киініп, жетекшінің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды. Бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. «Қар астындағы қызықтар» ойыны Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.	қатты картоннан қиылған қар кесектері
IV. Рефлексия	Сендерге ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойындар ойнауды қалайсындар?	

Жаңа жыл
 Әуендер сыйы
 10.12.2024ж.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Желтоқсан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Аққала»әні	
Күні: 10.12.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортанғы топ	
Міндеттері	Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдесіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу;	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Ұнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру.	ҮІӨ-ке қажетті әуендер жиыны, балалардың қысқы ойынын бейнелеген суреттер.
II. Ұйымдастыру		
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыка тыңдау: «Ақша қар» әні (К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов) Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ән айту: «Аққала» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» (В. Косенко) Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады. «Сықырлы таяқша» ойыны. Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарын жасайды. Әуен тоқтағанда, «сықырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады.	
IV. Рефлексия	- Балалар, қандай ойын ойнадық? – Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады? Ата-анасының көмегімен аққаланың суретін салып келуді ұсыну. Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу.	

Бекітілген
Әдіскер Сағат
18.12.2024 ж.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Желтоқсан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Ақ қоян» әні	
Күні: 18.12.2024ж	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру;	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді әуен ойналып, балаларды көңілді қарсы алу. Ұнтаспада пойыз дауысы естіледі. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық, – деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру. Ал паровоз бастайды,	ҰІӨ-ке қажетті әуендер жиыны. Алдын-ала дайындалған қысқы орман
II. Ұйымдастыру	Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. – Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танисыңдар ма?	
III. Тақырып бойынша жұмыс	Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар биі» Жетекші балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады. Музыка тыңдау: «Қояндар» (Е. Тиличеева). Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау. Ән айту: «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.	
IV. Рефлексия	Бағалау: «Үш шапалақ»	

Жемісін
 Ізгісізін
 24.12.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Желтоқсан айы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Ақшақарлар» биі	
Күні: 24.12.2024	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді әуен ойналып, балаларды көңілді қарсы алу. «Қар лақтыру» ойыны. Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу	ҰІӨ-ке қажетті әуендер жиыны
II. Ұйымдастыру III. Тақырып бойынша жұмыс	«Ақшақарлар» биі . Әуенмен бірге ырғақты сезіне өздеріне таныс би қозғалыстарының қарапайым элементтерін және ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. «Музыкалық лото» ойыны Шарты: Бір бала металафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарды нота жолына орналастырады. Соғылған дыбыс жуан болса төменгі жолға, жіңішке болса жоғарғы сызықтарға қояды «Бізге келген қонақтар» ойыны Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,анның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады.	Металлафон Ақ қағаздан жасалған қарлар.
IV. Рефлексия	-Алдағы уақытта таныс қандай би билегілерің келеді? Сұрақ-жауап.	

Бекітетін
Әрісхан Сәдір
31.12.2024ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Желтоқсан айы.

Жетіккен аны.		
Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Ақшақарлар» биі (қайталау)	
Күні: 31.12.2024	1 сағат	
ТОП:	Ортаңғы топ	
Міндеттері	-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату	Көңілді әуен ойналып, балаларды көңілді қарсы алу. «Қар лақтыру» ойыны. Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу	ҰІӨ-ке қажетті әуендер жиыны
II. Ұйымдастыру III. Тақырып бойынша жұмыс	«Ақшақарлар» биі . Әуенмен бірге ырғақты сезіне өздеріне таныс би қозғалыстарының қарапайым элементтерін және ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. «Музыкалық лото» ойыны Шарты: Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарды нота жолына орналастырады. Соғылған дыбыс жуан болса төменгі жолға, жіңішке болса жоғарғы сызықтарға қояды «Бізге келген қонақтар» ойыны Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады.	Металлафон Ақ қағаздан жасалған қарлар.
IV. Рефлексия	-Алдағы уақытта таныс қандай би билегілерің келеді? Сұрақ-жауап.	

Баспамен

Әдіс-әдіс

05.01.2025 ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
 Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка
 Қантар айы.

Қаңтар айы.		
Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:	«Қыс қызығы»	
